**Энергия көздерінің бағасын мемлекеттік реттеу және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің қымбаттауына байланысты халықты әлеуметтік қолдау туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 қаңтардағы N 68 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Ресей Федерациясынан және Орта Азия мемлекеттерінен республикаға импортталатын мұнай мен мұнай өнімдеріне, табиғи және сұйытылған газға, электр қуатына бағаның өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1993.11.12. N 1121 қаулысымен.

2. Қаржылық база жасау және тұрғын үй-коммуналдық тарифтердің өсуін өтейтін ай сайынғы төлемді қамтамасыз ету үшін өткізілген бензиннің босату және есеп айырысу бағаларының арасындағы айырмашылықты, сондай-ақ 1993 жылғы бюджетті атқару барысында алынған қосымша қаражаттарды аудару есебінен Бағаны реттеу қорын құру қажет деп есептелсін.

"Қазмұнайөнім" концерніне, оның облыстық бірлестіктеріне аталған төлемдерді Бағаны реттеу қорына мезгілінде аударуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

3.

4.

(5-тармақ).

Ескерту. 5 тармақтың күші жойылған - Қ.Р.К.М. 4 қарашадағы 1994 ж. N 1224 қаулысымен.

6.

7.

8. (2 абзац) "Қазақгаз" ұлттық газ компаниясының, табиғи газды ТМД елдеріне беріп тұру құнын ескере отырып, өз құрамына кіретін кәсіпорындарға, бірлестіктерге және ұйымдарға оның есеп айырысу бағасын белгілеу хұқығы сақталсын.

9. (2 абзац) Қазақ мемлекеттік газдандыру жөніндегі концернінің табиғи және сұйытылған газ үшін өнім берушілермен, газ шаруашылығы өндірістік

бірлестіктерімен орталықтандырылған есеп айырысуды жүзеге асыру, сондай-ақ газ тұтыну ауқымы мен құрылымын ескере отырып, өнеркәсіптің қолданылып жүрген көтерме сауда бағасына үстемелер мен шегерімдер жасау хұқығы сақталсын.

10.

11.

12. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерінің бағасын мемлекеттік реттеу туралы" 1992 жылғы 30 қазандағы N 905 қаулысының 9-тармағына сәйкес белгіленіп қолданылып жүрген көтерме және бөлшек сауда бағаларына (тарифтерге) шекті арттыру коэффициенті осы қаулыға N 1 және N 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

13.(3 абзац) Қазақстан Республикасында ТМД елдері арасындағы бағыттар бойынша темір жол көлігімен жолаушылар және жүк тасымалдау екі жақты (көп жақты) үкіметаралық келісімдерде көзделген тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

14.

15.

16.

ЕСКЕРТУ. Қаулыға өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1993.08.05. N 678 қаулысымен .

*Қазақстан Республикасының Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 28 қаңтардағы
N 68 қаулысына
N 1 қосымша

Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің жекелеген түрлері мен көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік реттелетін бағалар мен тарифтерді арттырудың Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ

(Кесте)

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 28 қаңтардағы
N 68 қаулысына
N 2 қосымша

Халыққа сатылатын негізгі тұтыну тауарларының (қызметтердің) бағасы мен тарифтерін арттырудың
ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ
(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК